

Жұмыссыздарды және толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді 2010 жылда қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 қаңтардағы N 32 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 ақпанда N 14-10-132 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімінің 2012 жылғы 20 ақпандағы № 587 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімінің 2012.02.20 № 587 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабына сәйкес халықты қоғамдық жұмыстарға жіберу және жұмыссыздар санын азайту мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2010 жылға қоғамдық жұмыстармен қамтамасыз ететін ұйымдардың тізбесі , қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Б.Серікбаев) 2010 жылға арналған аудан бюджетінде қоғамдық жұмыстарға қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды және толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын .

3. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың және толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы бір айлық жалақының ең төменгі мөлшерінен кем болмаған мөлшерде белгіленсін.

4. Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі (F.Аязов) қоғамдық жұмыстарға жалақы төлеуге қарастырылған қаражаттың уақтылы бөлінуін қамтамасыз етсін .

5. Осы қаулы алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Халмурадовқа жүктелсін.

Аудан әкімі **М.Әлі**
Сайрам аудан әкімдігінің **2010 жылғы**
21 қантардағы № 32 қаулысымен
бекітілген

2010 жылға қоғамдық жұмыстармен қамтамасыз ететін үйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі

№ р/с	Үйымдардың тізбесі	Жұмыстардың түрлері	Көлемі (адам)
1.	Ауыл округі әкімінің аппараттары	Еңбек рыногының негізгі индикатор көрсеткіштерін анықтауға катысу	17
2.	Ауыл округі әкімінің аппараттары	Жолдар құрылышы және оларды жөндеу жұмыстарына катысу	40
3.	Ауыл округі әкімінің аппараттары, мемлекеттік орман шаруашылықтары	Көгалдандыру, ағаштар отырғызу, күтіп ұстау	120
4.	Ауыл округі әкімінің аппараттары, білім беру және мәдениет мекемелері	Әлеуметтік, мәдени маңызы бар объектілерді салуға және жөндеуге катысу	25
5.	Ауыл округі әкімінің аппараттары,	Аймакты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру жұмыстарына катысу	125
6.	Ішкі істер басқармасы	Қоғамдық тәртіп	17
7.	Аудан әкімінің аппараты, ауыл округі әкімінің аппараттары, Аудандық экономика және қаржы бөлімі, Аудандық жер катынастары бөлімі, "ОҚО жылжымайтын мұлік жөніндегі орталығы" РМК-ның Сайрам филиалы, Мемлекеттік зейнет ақы төлеу орталығы, Аудандық корғаныс істері жөніндегі бөлім, Сайрам ауданының әділет басқармасы, "№ 2 Сайрам балалар бақшасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, Аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі, Аудандық Төтенше жағдай басқармасы, "Болашак" балалар сауықтыру лагері	Басқа да жұмыстарды үйымдастыруға көмектесу	206
	Барлығы:		550

Іс жүзінде сұраныс пен ұсынысқа орай қоғамдық жұмыстардың кейбіріне қатысушылардың саны, қатысудың ұзақтығы, қоғамдық жұмыстардың түрлері және үйымдардың тізбесі 2010 жылға арналған аудандық бюджетте қоғамдық жұмыстарды өткізуге қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Қоғамдық жұмыстарды үйымдастыратын үйымдар жұмыссыздардың және толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысына үстеме ақы белгілеуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК